

6 Желтоқсан
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ОЛАРДЫҢ МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТУ ҮШІН...

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ДИДАР БОРАНҚҰЛОВ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕРДІ АЗАЙТУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ НҰРЛАН МАХАМБЕТОВ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ САРАПШЫСЫ ДАНАБЕК ЕРЖАНОВ КЕЛДІ. ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ САПАРЫ АЛДЫМЕН ЖӨРМЕКЕНІҢ САУДА ҚАТАРЛАРЫН АРАЛАУМЕН БАСТАЛЫП, МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДА НЕСИЕ АЛҒАН ЖЕКЕ КӘСІПКЕР САПУРА МЫРЗАҒАЛИЕВАНЫҢ «ЖЫЛЫЖАЙ» ЖӨНЕ КҮНШАШҚАН ЖАУЫНБАЕВТЫҢ «BARBER SHOP» ЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШАШТАРАЗЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ.



Әрі қарай «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында ауданымыздағы кәсіпкерлер мен шаруа қожалық төрағаларымен кездесті.

Кездесу барысында Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасы, Ойыл аудандық филиалының директоры Жасулан Ержанов кәсіп-

керлік саласы бойынша ауданда атқарылған жұмыстармен жүзеге асқан кәсіпкерлік жобалар жайында баяндады.

Келесі кезекте сөз алған Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Дидар Боранқұлов кездесудің басты мақсаты - кәсіпкерлерді қол-

дау, олардың құқықтарын қорғау бағытындағы және қолданысқа енгізілген жаңа заңнамаларды түсіндіру, олардың сұрақтарына жауап беріп, пікір алмасу екенін жеткізіп, ашық пікірлесуге шақырды.

Кәсіпкерлер мен тұрғындар тарапынан субсидия алу, жер мәселе-

сі, шаруа қожалықтарына электр шамдарын тарту секілді сауалдар қойылды. Жиында көтерілген сауалдар бойынша сала мамандары тұщымды жауаптарымен кәсіптерін кеңейтуге кеңес берді.

ГАБАЙҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ҚҰЛПЫТАСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Биыл облыс әкімдігінің қолдауымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Ақтөбе облысы аумағындағы араб графикалы тарихи ескерткіштердің (XIX ғ. — XX ғ. басына жататын құлпытасстар) эпиграфикасын зерттеу» тақырыбы бойынша Темір, Ойыл, Ырғыз және Қобда аудандары аумағындағы ескерткіштерге облыстық тарихи-өлкетану музейінен жасақталған ғылыми-зерттеу экспедициясы ұйымдастырылды. Аталған жоба мақсаты — мәдени-тарихи ескерткіштерді GPS координаттары көрсетілген картаға түсіру, тарихи жәдігерлердің нақты өлшемдерін белгілеу, қорымдар мен құлпытасстардың жоспарлары мен қималарын сызу және фотоларға (дрондау) түсіріп, ғылыми сипаттамаларын жазу. Зерттеудің негізгі бөлігі арап графикасымен жазылған құлпытасстардағы эпиграфиялық мәліметтерді көшіріп, аудармасын жасау.

Темір ауданы бойынша Шығырлы, Бірлік, Ақсай, Темір, Кеңкыя, Қопа, Шұбарқұдық, Шитүбек, Қалмаққырған, Қопа, Теректі, Тасқопа, Алтықарасу, Бабатай,

Шибұлақ, Қайынджарлерінде орналасқан қорымдар зерттелді. Ірі қорымдарға: Арызмағамбет, Темір қаласындағы ескі қорым, Досжан ишан, Мәулімберді және Көптам қорымдарын жатқызуға болады. Сонымен қатар басқа да белгісіз бейіттердегі құлпытасстар анықталды.

Ойыл өзеніне құятын Шағырлы (Шығырлы), Бадамша, Құмды, Жарлы, Ақтас, Шилі, Шілікті, Сүлікті, Келбатыр, Қарабас, Кенжалы, Бабатай, Келтесай Еділсай, Тоғызбайсай, Қызылсай, Қарағандысай секілді өзендер мен өзге де салалары, сол секілді Темір өзенінің оң жағалауында орналасқан ескерткіштер зерттелді.

Ашы Ойыл өзені бойы, оған құятын бұлақтардың бойлары мен аңғарлар Бесбұлақ, Көпбұлақ, Шұбаржылан, Қандыағаш, Қуырдақты салаларында орналасқан ескерткіштер, Ойыл ауданы көлемінде Қаңбақтысай (Байгелді ата), Ханкелді, Наурызғалы батыр, Нұртәжі және Қаракөл, Қарасу қорымдарындағы құлпытасстар зерттелді.

Ырғыз ауданының аумағында Ырғыз өзені бойы жағалай отыра Баймағамбет, Қара, Сарғазы,

Бесмола, Дүйсенбай мұнарасы қорымы, «Байыс қорымы» (Қаракесек), Құмтоғай ауылы және өзеннің бергі бетіндегі бейіттері, Ақтоғай, Шеңбертал ауылдары төңірегіндегі, Мәні әулие, Омардың тамы қорымдары зерттелді. Сонымен қатар Темірастау ауылының төңірегіндегі бейіттер Жаныс би қорымы, Темірастау үстіртіндегі, Ащы бойы, Тікаша мен Дөңгелек, Едіге сайы мен Тікқабак арасындағы кіші қорымдар зерделенді. Осы бағытта зерттеу жұмыстары ары қарай Байгелді, Алпақ, Маймақ атты қорымдарда және Құрылыс ауылындағы ескі қорымда жалғасын тапты.

Экспедиция жұмысы одан әрі Қара мола, Нұрғали, Шадыған, Байболсын, Тоқсанбай-1, Тоқсанбай-2, Көкжиек, Құлпытас төбе, Айтым, Айман қорымдарында жүргізілді. Ырғыз жеріндегі ескі қорым, Шахмұрат, Қызылқабак, Әуезмәмбет бұлағы қасындағы, Бархын мола, Айымқұл бейіті, Мұхаметәлі секілді қорымдарда зерттеу нысанына ілікті. Тек, Ырғыз ауданы көлемінде 63 қорым зерттеліп, зерделенді.

Далалық экспедициялық жұ-

мыстың жалғасы қазан айында Қобда ауданының Талдысай ауылынан оңтүстік-батыс бағытындағы 15 шақырым жерде, Қобда өзенінің бойында орналасқан әйгілі Абат-Байтақ қорымында жалғасты.

Қорым үлкен аумақты алып жатыр. Мәдени қабаты ерте кезеңнің қабатынан құралған қорымда, XIX ғасырда шарықтап дамыған қазақ тас қашау өнерінің көрнекті туындылары жинақталған. Олар ұлу тас жынысына жасалған, құлпытасстарда айқын бейнеленген. Өрине, бұл мәдениетіміздің құнды мұралары. Зерттеу жұмыстары кезінде көптеген құлпытасстардың мәтіні аударылып, өлшем сызбалары алынды. Биылғы жүргізілген далалық-экспедициялық ізденістер нәтижелі аяқталып, өлке тарихына қатысты ескі бейіттер мен қорымдардағы араб графикалық эпиграфиялардан мазмұнды мәліметтер жинақталды. Алдағы жылы Ырғыз, Шалқар, Мұғалжар аудандарының аумағындағы ескерткіштерді зерттеу жоспарланып отыр.

Қонысбай РАХБАЕВ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

ЖАЛҒАН ТЕРРОРИЗМ - ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



Жалған терроризм немесе дайындалып жатқан терроризм акті туралы көрінеу жалған хабарлау. Зиянкестердің көпшілігі өз әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін түсінбейді. Ниеттері әртүрлі - бұзақылық, оқу орнының өкімшілігінен кек алу, ата-аналар жиналысын бұзу және т.б.

Адресатпен хабарлама алған сәттен бастап қылмыс аяқталды деп есептеледі. Жалған терроризм халық арасында дүрбелең туғызады, адамдардың едәуір бөлігі жарылғыш затты іздеуге және залалсыздандыруға алаңдайды, азаматтардың еркін қозғалу құқығына нұқсан келтіреді. Сонымен қатар, мекемелердің қалыпты қызметі бұзылады, ал экономикалық мүдделері кінәлі адамнан өндіруге зиян ретінде саналады. Барлық тартылған арнайы қызметтердің шығы азаматтық талап ретінде қойылады. Қылмыстық кодекстің 273-бабы бойынша жазасы қатаңдатылып, 5 жылға дейін бас бостандығынан

айыруды және 14 жастан бастап қылмыстық жауаптылықты көздейді. Осылайша жалған терроризм фактілері бойынша қылмыстық жауапкершіліктен басқа материалдық жауапкершілік қолданылады. Мұндай қылмыстар кезекші тәулік ішінде ашылуы мүмкін.

Мысалы, ағымдағы жылы 102 полицияның пультіне белгісіз адамнан Ақтөбе қаласындағы А.С.Пушкин атындағы саябаққа салынған жарылғыш зат туралы хабарлама түсті. Аумақты зерттегеннен кейін факт расталмады. Жедел-іздістіру іс-шаралары барысында алкогольдік масаң күйде «А» есімді азамат анықталды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталды, қылмыстық іс материалдары сотқа жіберу үшін дайындалуда. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдарды бұзуға жол берілмейтін туралы түсіндірміз және белгіленген жауапкершілікті ескертеміз.

Ойыл ауданының прокуратурасы

ЗАҢДЫ ОРЫНДАҒАН ЖАЗА БАСПАЙДЫ!

Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің басшысы З.Абдиева және маманы Б.Нағашыбаева жуырда "Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміндегі" «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңын сақтау мәніне 2022 жылдың екінші жартыжылдығына арналған мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында профилактикалық бақылау жүргізді.

Профилактикалық бақылау барысында бөлімнің мамандары З.Абдиева мен Б.Нағашыбаева "Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту шараларының орындалуын уақытылы қамтамасыз ету мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына қолжетімділікті

қамтамасыз ету бөлігінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғауға бағытталған заңдардың негізгі нормалары баяндалды. Сонымен қатар, Департаменттің өдеп жөніндегі уәкілі З.Абдиева мемлекеттік қызметшілердің өдеп кодексі және "Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы нормаларын "Ойыл жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің" ұжымына түсіндіру жүргізіп, атап айтқанда, өдеп жөніндегі уәкіл қатысушыларды мемлекеттік қызметші этикалық қағидаттарымен, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік өдеп стандарттарымен таныстырды.

Сонымен қатар, сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары, мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді. Сондай-ақ, өдеп жөніндегі уәкілге жүктелетін міндеттері туралы да айтып өтті.

Г.ЕРМАҒАНБЕТОВА,
Ойыл аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

САЙЛАУ-2022

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ШЕРСІЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӨКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕЗ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ өкімдігіне төмендегідей кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, өкесінің аты (өгер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (көсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Шауменов Нурлыбек Сағынғанович	1973	Ішкі істер органының зейнеткері, Ойыл ауданы Қаратал ауылы
Амангосов Артур Сарсенбаевич	1975	Ойыл ауылдық округі өкімінің орынбасары, Ойыл ауданы Ойыл ауылы
Кереев Әсет Сәкенұлы	1989	Ойыл ауданы өкімі аппаратының бас инспекторы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

Аудандық «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2023 ЖЫЛДЫҢ I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА

3292,42

66525

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА

4971,92

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА

2812,42

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ӨЗДЕРІНІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТҚА БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТУДА

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ағымдағы жылдың 10 айында (01.01.2022-01.11.2022 аралығындағы кезеңде) салымшылар мен алушыларға жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы 22,6 млн үзінді көшірме берді. Оның 17,8 млн (78,5%) электрондық форматта берілді. Үзінді көшірме беру -БЖЗҚ-ның ең танымал қызметі.

Жалпы 10 ай ішінде Қор өз салымшыларына шамамен 26,2 млн қызмет көрсетті. Біржолғы зейнетақы төлемдерін төлеу (барлық операциялардың 5,6%), автоматты режимде ЖЗШ ашу (жыл басынан бері 1,92%, 502,6 мың), жеке деректемелерді өзгерту (1,37%) талап етілді.

Қызметтердің жалпы көлемінің шамамен 93% (немесе 24,2 млн) БЖЗҚ сайтында немесе ұялы қосымшасында, сондай-ақ, өтінішсіз режим-

деқашықтан көрсетілді. Оның ішінде онлайн-форматта – 17,9 млн, автоматты форматта – 6,3 млн.

Алайда БЖЗҚ мамандарына жеке жүгінуді қалайтын салымшылар мен алушылар да бар. 10 ай кезеңінде күндізгі қызмет көрсету барысында 1,2 млн-нан астам қызмет, оның 93% Қор бөлімшелерінде көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, өздеріңізге жақын орналасқан Қор филиалының мекен-жайын www.enpf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасында оңай нақтылауға болады.

БЖЗҚ-ның барып қызмет көрсету бөлімдері де белсенді жұмыс істеуде. Олар 78,4 мыңнан астам қызмет көрсетіп, оның 13 мыңнан астамы халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын адамдарға ұсынылды.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы шеңберінде 27,4 мың көшпелі

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

КАЗАХСТАНЦЫ АКТИВНО ИНТЕРЕСУЮТСЯ СОСТОЯНИЕМ СВОИХ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ

22,6 млн выписок о состоянии индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) выдал Единный накопительный пенсионный фонд вкладчикам и получателям за 10 месяцев текущего года (в период с 01.01.2022 по 01.11.2022). Из них 17,8 млн (78,5%) выдано в электронном формате. Выдача выписок является наиболее популярной услугой ЕНПФ.

В целом за 10 месяцев Фонд оказал своим вкладчикам порядка 26,2 млн. услуг. Востребованными являются выплаты единовременных пенсионных выплат (5,6% всех операций), открытие ИПС в автоматическом режиме (1,92%, 502,6 тыс. с начала года), изменение личных реквизитов (1,37%).

Порядка 93% от общего объема услуг (или 24,2 млн.) оказано дистанционно: на сайте либо в мобильном приложении ЕНПФ, а также в беззая-

вительном режиме. Из них в онлайн-формате оказано 17,9 млн, в автоматическом формате – 6,3 млн.

Однако есть вкладчики и получатели, которые предпочитают личное обращение к специалистам ЕНПФ. За 10 месяцев в ходе очного обслуживания было оказано свыше 1,2 млн услуг, 93% из которых в подразделениях Фонда. Напомним, что адрес ближайшего вам отделения Фонда можно легко уточнить на сайте www.enpf.kz, либо в мобильном приложении БЖЗҚ/ENPF. Активно работают и отделы выездного обслуживания ЕНПФ, которые оказали более 78,4 тыс. услуг, из них более 13 тыс. услуг предоставлено людям из социально уязвимых слоев населения.

В рамках информационно-разъяснительной работы проведено 27,4 тыс. выездных презентаций, в ходе которых

около 600 тыс. человек получили информацию о накопительной пенсионной системе в целом и индивидуальные консультации. Качеству консультационных услуг ЕНПФ уделяется особое внимание.

Помимо очных обращений вкладчики и получатели могут получить нужную им информацию по различным каналам: в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте www.enpf.kz, в мобильном приложении БЖЗҚ/ENPF, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники. Всего с начала года специалистами Фонда обработано более 710 тыс. обращений.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

САУЛАУ-2022

ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АМАНҒОСОВ АРТҮР САРСЕНБАЕВИТТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Менің сайлау алды бағдарламам қоғамдағы бүгінгі күні ең өзекті болып отырған төмендегідей мәселелерді шешуге негізделген:

- Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіні көркейту, көгалдандыру, абаттандыруына, көшелерге жол жүргізу, тротуарлар, бордюрлар салуға қаржыны жеткілікті бөлуіне ықпал ету, көп жылдан бері ауылдық округтегі өзекті проблемаға айналған Ойыл өзенінің мәселесінің оң шешімін табуы бағытындағы жұмыстарды жүргізу;
- Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің тұрғындарына жаңа жер телімдерін беру бағытындағы жұмыстарды бақылауда ұстау, аталған аумақта инфрақұрылымның (ауыз су, жол, электр энергиясы) жүргізілуіне ықпал ету;
- Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінен шыққан дарынды жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым, спорт т.б. салалар бойынша) қолдау көрсету, үздіктерді түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау, салауатты өмір салтын насихаттау, спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында шағын ауылдық аймақтарда шағын спорт алаңдарының салынуына ықпал ету;
- Округ жастарын ауылдық жерлерге тұрақтандыру мақсатында жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтып, әлеуметтік мәселелерінің оңтайлы шешілуіне атсалысу;

ӨМІРБАЯН

Амангосов Артур Сарсенбаевич 1975 жылы 19 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл селосында дүниеге келген. 1992 жылы Ойыл орыс орта мектебін аяқтаған.

1998 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Ақтөбе Заң колледжін және 2009 жылы Қарағанды Заң институтын тәмамдаған.

1992-1993 жылдары Ойыл совхозында жұмысшы болып жасаған.

1995-2011 жылдары Ақтөбе облысы Ішкі Істер Департаментінде қызметкер болып жұмыс жасаған.

2013-2017 жылдары «Аспанай-секьюрити» ЖШС, «Күзет и К» ЖШС күзет бастығы болып жұмыс жасаған.

2017-2018 жылдары Ойыл ауданы әкімі аппаратында төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс жөнінде бас маман болып қызмет атқарған.

2018-2021 жылдары Ойыл ауданы әкімі аппаратында төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс жөнінде бас инспектор болып қызмет атқарған.

2021 жылдан бастап осы күнге дейін Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары болып қызмет атқаруда.

Жариялау ақысы кандидаттың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

САУЛАУ-2022

ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР КЕРЕЕВ ӨСЕТ СӘКЕНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Ш. Берсиев атындағы ауылдық округі әкіміне кандидат болуға шешім қабылдадым. Ш.Берсиев атындағы ауылдық округін басқару тұтқасын ұстау мүмкіндігі болып жатса, халықтың талап тілектерін орындай отырып, Елбасының 2050 Стратегиясын орындаудағы шешімдерді жүзеге асыруда жергілікті жердегі әлеуметтік экономикалық даму мен саяси тұрақтылықты сақталуы үшін халықпен етене жұмыс жасаймын және осы жолда лайықты тұлға болуға күш жігерімді, білімімді жұмсаймын.

-Қаратал-Ойыл аралығындағы көтерме жолдың жағдайын жақсартуға күш саламын.

- Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін жұмыс жасаймын. Аз қамтылған отбасыларына көмектесіп, денсаулығы төмен, мүгедек жандарға қамқорлық көрсету басты назарымда болады.

- Ауыл мәдениетінің көкей-кесті мәселелерінің оңтайлы шешілуіне күш саламын. Ауыл тұрғындарының мәдениетті демалуына қолайлы жағдай туғызу, тазалық, абаттандыру мен ауыл көшелерін жарықтандыру бағыттарында жұмыс жасаймын.

- Ауылға жастардың тұрақтануына байланысты барлық жағдайын жасауға күш саламын.

ӨМІРБАЯН

Кереев Өсет Сәкенұлы 1989 жылы 4 қазанда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылдық округіне дүниеге келген. 1996 – 2005 жылдары аралығында Ойыл ауданы, Сарбие ауылдығы Сапақөл орта мектебінде оқыған. 2005-2007 жылдары Есет батыр атындағы облыстық әскери полициялық мектеп интернатында оқыған.

2007-2008 жылдары Алматы қаласындағы Ішкі әскер 7552 әскери бөлімінде Отан алдындағы міндетті әскери борышын өтеген.

2011 жылы Ақтөбе қаласындағы «Рауан» көпсалалы колледжін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

2016 жылы Алматы қаласындағы «Қайнар» академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

2010 - 2012 жылдары Ақтөбе қаласындағы Күзет полициясында полиция болып қызмет атқарған.

2012 -2016 жылдары Есет батыр атындағы әскери полициялық мектеп интернатында тәрбиеші болып қызмет атқарған.

2016-2019 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы № 34 қазақ орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған.

2020- 2022 жылдары аралығында Ойыл ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік, құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас маманы қызметін атқарған.

2022 жылдың 14 қазанынан бастап «Ойыл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы қызметін атқарып келеді.

Жариялау ақысы кандидаттың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

САУЛАУ-2022

ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ШАУМЕНОВ НҮРЛЫБЕК САҒЫНҒАНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Ауылдық округіне үміткер бола отырып, Ш.Берсиев ауылдық округінің әлеуметтік-экономикасының дамуына, жергілікті жердегі саяси тұрақтылықты сақталуына халықпен етене жұмыс жасауға өз білімім мен тәжірибемді жұмсаймын.

- Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыстар жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстаймын.

- Округтегі аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;

- Елді-мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын үнемі бақылауда ұстап, іске асыруға көңіл бөлемін.

- Аймақтағы денсаулық, білім, мәдени саласының жұмысын үнемі қолдап, олармен түрлі ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен жүргіземін.

- Жастарға жол ашамыз! Жастар - ел болашағы. Жастардың білім, тұрғын үй, жұмысқа орналасу тәрізді өзекті мәселесін шешуге қарқынды жастар саясатын жүзеге асыруға ықпал етемін.

-Ауыл шаруашылығы дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету жұмыстарын жандандыру.

-Ауыл шаруашылық теліміндегі пайдаланылмай тұрған жерлерді (шабындық, жайылым, шалғындар, бос жатқан жерлерді) ұтымды пайдалануды айналымға қосу бойынша жұмыстанамын.

-Округ орталығы Қаратал ауылының көшелеріне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын жалғастыруға ықпал жасаймын.

-Құмжарған, Қарасу елді мекендерін көгілдір отынмен қамтылуына жұмыстанамын.

-Құмжарған елді мекеніне кіреберіс көтерме жолына асфальт немесе шебен төсеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етемін.

-Қаратал ауылы орталығындағы спортзал құрылысының аяқталуына күшімді саламын.

-2024 жылға дейін округтегі елді мекендерді көше шамдарымен толық қамтамасыз етілуіне ықпал етемін.

ӨМІРБАЯН

Шауменов Нұрлыбек Сағынғанович 1973 жылы 13 маусымда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген.

1990 жылы Ш.Берсиев орта мектебін, 2001-2006 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша оқып бітірген.

07.1990-07.1991 жылдары құрылысшы болып, 07.1991-06.1993 жылдары әскер қатарында борышын өтеген.

04.1994- 08.1995 жылдары «Жибең жолы» ЖК дезинфектор, 09.1995-11.1996 жылдары Берсиев ӨК-де бухгалтер, 09.1997-05.1998 жылдары Ш.Берсиев атындағы орта мектебінде кассир,

10.1998-09.2001 жылдары Қаратал селолық округі әкімінің орынбасары,

09.2001-07.2018 жылдары ішкі істер органында қызмет атқарды.

Қазіргі таңда құқық қорғау органының зейнеткері. Отбасылы, 4 ұл тәрбиелеп отыр.

Жариялау ақысы кандидаттың сайлау өткізуге бөлінген қаражаты есебінен төленді.

ТАБИЛ ҚУЛЫЯС
ЖАЗУШЫНЫҢ ЖОЛЖАЗБАСЫНАН

ЖЕТІКӨЛ, ЖЕКЕНДІ ЖЕРЛЕРІМ – АЙ...

УАҚЫТ ШАПШАҢ, КӨБІНЕ КӨП ЕШТЕНЕНІ БАЙҚАТПАЙ, АТҚАН ОҚТАЙ ЗУЛАП ӨТЕДІ. ҚАЙТА ОРАЛМАЙТЫН СӨТТІЛІК БОЛАДЫ, КӨКІРЕКТЕН ӨШПЕЙТІНӨКІНІШІ ДЕ ЖЕТІП ЖАТАДЫ. ӨМІР ЕРІКТІ, ЕРІКСІЗДІКТІ МОЙЫНДАТАДЫ. АДАМ БАСЫНА ҚАСІРЕТТӨНГЕНДЕ БАҚЫТТЫ КҮНДЕРІН ОЙЛАУҒА ЖӨНСІЗ КӨРЕДІ? НЕГЕ? «ТАСЖАУСА ТАНДАЙДАН, МҰЗ ЖАУСА МАҢДАЙДАН» ДЕП НАСАТ ТАСЫНДАЙБЕРІКТІК ТАНЫТУҒА ТЫРЫСАДЫ. ҚҰДАЙ ҚОСҚАН ЖҰБАЙЫНАН, ЖЫЛЫТӨСЕГІ, ТЫНЫШТЫҚ ТІРЛІГІНЕН ХОШ АЙТЫСЫП МАЙДАҢҒА КЕТКЕНДЕРГЕБЫРЫМ ЖАСАП, ІЗІНЕ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІП ЕЛГЕ АМАН ОРАЛУЫН ТІЛЕСЕ ДЕ, ЕКІ ЖЕҢІН СҒҒЫНЫП, КИІМ КИІП КЕТКЕНДЕРДІҢ КӨБІ ОРАЛМАДЫ.



Туып-өскен жерім «Қаракөл», Жетікөл, Жетігенді аймағы, яғни Орал өңірімен шектес болғасын, бала кезімде Сталинградтағы соғыс өрті күн бат-са кейде көрінетіні есімде қалыпты. Бірге өскен достарым Жиенбек, Мырзақан Қармыс және басқалары біздің ағаларымыз сол өрті сөндіріп жатқанын сезінуші едік. Адам бала кезде қорыққанын естен шығармай-тындай, кейде түсімізден өрт көрсек шошып оянушы едік.

Ауылда тері шалбар, тері тон, көншарық киген төрт-бес қарт бар. Солардың бірі Мырзағали Ойыл бойындағы суармалы егіске көктемде кетеді, әйел, қыздарды басқарып. Содан жиын-терінді аяқтап күзде оралады.

Бекқазы, Таласқали, Нұришан, Көпбал, Ғапу қарттар мал бағады, шөп дайындайды. Төрт-бес шөп шабауы машина, екі-үш тырма бар, шабылған шөпті сүйреткімен қораға тасиды. Іліп алар киім-кешекті жамау-жасқау болса да игілікті асыл дүниеге балайды. Олар шөмеле көлеңкесінде айран, шалаптарын ішіп отырып ерлік ту-ралы, қажыр-қайрат, өнеге, салт-сана қақында әңгіме-дүкен құрады.

Бірде Таласқали: «Ойыл жәрмеңкесінде қамшыгер атанған Мырзағали арлан қасқырды тірілей нұқталап әкелгенін көріп едік. Марқұм дүниеден озарда есіктің тұтқа-сына жармасқан қолын Бекқазы екеуіміз өзгер босатып алдық» - дейтін-ді.

Сталиндік «Отыз жеті» зұлматы қара дауылдай соғып тұрған-ды. Сөйтседе Бекқазы «Шоңқайлы», «Қожақөлдін» су келді алты қанат киіз үйдей жеріне тары егіп, содан бірер қапшық өнім жинап, оны көзден тасалап ұра қазып, көміп тастайтын. Нандық бидай сірәде жоқ, айран кенже аштықтан сақтайды.

-Туыс, туғандар бірін-бірі қатты қадірлеп, ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін. Жетім, жесірге пана болған едік. Қасиет, қазақ тәртіп ұрпағын аман сақтады, - дейтін Сүйеуғали Ниязов. Ұлттың сүттей ұйғын кезінде бұдан артық түсінік болуы мүмкін емес.

«Ашылған етек жабылар, ашыққан қарын тойынар» деп үлкендердің маңдайдан сыйлағаны талай ұланды ер жетуге жігерлендірді. Ұлттық намыс, ұлттық абыройды шындады. Енді социализмнің есің қатты жауып еркіндігінді, елдігінді қадірле дейтін мезгілде он екі бала өсірген Ниязов Сүйеуғалидың ұлы Жалғасбай өмір шежіресінің нарық тірлігінің парақтарын ақтарды.

«Ауыл жылы» дегенді ақпараттан Жалғасбайлар естіді. Бірақ, өздеріне есеп шот ашып, мал өнімдерін жаңа технологиямен дайындауды ойласа да, облыстан жер шалғай, жол қатынасы ауыр. Ерте ме, кеш пе, бар игілікті істер орынағар деп күттеді. Соғыс жылдарында «Жетікөлдің» байтақ өңіріндегі елдің халқына етік тігіп, ерлеріне бөрік тігіп, табыс табу емес алғысқа бөленген 78 жастағы Есдәулет: - социализмде осынша жақсылықтар да болып еді, малдың өнімдерін дайындық орындарына өткізіп, астығын тасып алатын-ды. Шаруаның ісі ортақ болғасын әлдеқайда жеңіл көрінетін. Қазір шағын-шағын шаруашылықтар еңбегінің құнын ала алмай, тек өздерін жарылқап отыр. Бір орталықтан бөлінудің сазайын тартып, бара-бара малдан айрылып қала ма деп қауіптенемін, - дейді.

Ауылдың қарттарының қай-қайсысы да бірлікті сақтап, тірлік етті, еңбектерімен игілік жасап із қалдырды. Шығанақ Берсеевтің ақ тарысы әлемді таңқалдырса, «Қараойдан» Ойыл өзені бойындағы суармалық егіс бригадасына Әбдікер Оразғалиев, Ораз Көпбаев машинист болып еңбек етті. Олардың ерекше көзге түскен еңбегі арқасында халықтың аузына да азық тиді. Жишбек Жұмабаев тары өсіру кәсібін ерте араласып, алғырлығымен көзге түсіп еді. Олардың айрықша ынта-ықыласы елдің абыройы, Отанға деген адалдық болатын-ды. Оны ұғынған Жиенбек кіндігінен өрбіген бес баласы бүгінде жеке шаруа қожалығын да дөңгелетіп әкетті. Жиенбектің балалары да шаруа қожалығында мал, егін өсіреді. Оның үстіне жазғы жайлауында қырық түйе - құс бағады екен Нарық заңы бойынша салалы шаруаны игерудің тиімділігіне көзі жетіп, әрбір жұ-

мыстың өлшемді нәтижесін меңгерген. Басқасы басқа, құм басып кетуге жақын қалған кеңшар орталығын орманға бөлеп, ауа райын жақсартыпты. Әрбір жанұя көкөніс өнімдерін өздері дайындайтын жаңалықты игерді. Кеңес Үкіметі құлап, талан-тараж үдегезде, алқымнан алған жоқшылықта ел іргесі қозғалмауы, тырапай асыл жұрттың босып кетпеуі абзал басшылардың қанға сіңірген ұлттық бірлікті бұзбауға үйреткендігі еді. Өйткені, сонау отызыншы жылдардан С. Масатов, бертігі О. Қалипановтардың қасы мен қабағынан ұқтырған.

-Өзіңіздің заманыңызда не нәрсеге үміт артатын едіңіз?

-Оқуға, - деп Ыбыраев қарт ойға шомды. Жоқтық, халықтың басында бірқалыпты болғасын оқуды үзбеймін деген үмітте жалған еді. «Тандағы тамақ төңірден» деп қарын тоятын кезді аңсау, соған үміт тұзбаумен күндер өтті. Шығанақ Берсеевтің әлемдік абырсы арқасында азық үзілмеді, еңбекке өлшеніп берілді. Шығанақ абыройын ауылда болса, ауызға тиеді дегенді қалыптастырды. Ұл өсірдік, қыз өсірдік, өзіміз оқудан кенже қалсақта, ұрпағымыз ақылды, білімдар атанды. Біздің ата-бабамыз көрмегенді көрді. Одан артық бақ бар ма, одан артық үміт бар ма?

Біреудің құнарлы әңгімесін ықыласпен тыңдау қиындаған кездіңнесін айтасың. «Көлдін суы тартылып барады» десе Үкіметке жақпаң жала деп, «жатып атардың» қаралауына себеп болатын-ды. Саясатты зымияндығын Ұлықпан сынды ақындар көкірегімен босатып шығармай, іштен тынып, Асанқайғының:

**Көлдін суын жамандап,
Еділ қайдан табарсың.
Өкіміңді жамандап,
Өділ қайдан табарсың.
Өз барыңды жамандап,
Асыл қайдан табарсың,**

деп толқып - толқып домбырасын шертіп, Қызылдың әнін елсіз далада шырқады ма екен? Даланың да, адамдардың да сыртқа шығарып жарияламаған мұңы жетерлік еді. Соныңыз өткен ата-аналарымыздың неге, игіліктен? - деген сұраққа жауап таба алмаған арманы еді. Оны осалдыққа жори көрменіз, мемлекеттің езу машинасына қарсы тұрар күш жоқ. Елде еңбек тәрбиесінің орынды бөлек еді. «Иттен басқаның үргені сөкет, еңбексіз жастың жүргені сөкет» деген қағида талай ерлер есімін қалың көпке танытты. Жасындай жарқылдаған жастық қайратын есіп, өркендеуге арнап Еңбек Ері атанған жылқышы Аманқос Мұқанғалиев өткен өмір жолын былайша баяндап еді.

«Әркім-ақ, қадірлейді ұшқан! Құсын, сыртыман не демедей дұшпан кісім» - деп өмір сүрудің қарапайым заңдылығына да абылап, әміршілік жүйенің қыр-сырына, қулығына сынай қарап, өзіне әркезде тоқтама салып, асыл-тасуды, тәсіруді тежей білгендер жақсылыққа жарылқана білді. Дала даналары: «Бұл қу-тамақ талай ерге апат бол, жер қойнына кірген олар опат бол» - деп сақтандырған сөзді сақтай жүріп, өзін ойламай, елін сыйлап тірлік еткен, сол арқылы қадір-құрметке жеткен Аманқос ешқашанда сенімін жоғалтпады.

«Мен 1956 жылы «Қаракөл» кеңшарында, басқарма бастығы Ідіріс Сұқашев еді, жылқы бағамын дедім.

-Жассың ғой, жылқышылыққа мықты ерлер төзе бермейді.

-Мен төземін, неге мықты емеспін, - дегенімде Ідіріс сирек көрінетін жұмсақ күлкімен: «Әрбір жігітте осындай ерлікке жігер болады, бірақ, кейбірі кейін жасып, жұмысы божырап кетеді, - деді. -Мені ондайдың қатарына қоспаңыз. Нар төуекеліме жол ашып, тауымды қайтармаңыз, - дедім». Сөйтіп, Аманқос ағаның, басшының сөз сынағынан сүрінбей өтеді. 1958 жылдары кеңшар ірілендірілді. Жақсыкөл, Қаракөл, Қараой біріктірілді. Ленин атындағы кеңшар аталынды. Басқарма бастығы Ідіріс Сұқашев. Ал, жылқы өсіру фермасын Қашқынбай қарт басқарды. Ұлы отан соғысына, өсіресе, Сталинград, Мәскеу маңына талай сәйгүліктерді дайындап, нағыз ер атанған, бағым шеберлігі ерек-

ше еді.

-Аманқос ұлым, жылқы еркін жайылғанды сүйеді, қазақты да жылқы мінезді деуіміз, даладай кең жүректен, далаға ат үстінде еркінмін деп жүруден болар, - дейтіні барды. Ерлік дарын, мол қабілет. шынайы шындық мінез кен далаға жарасады. Оныңыз жылқышының еркіндігімен ажарланатын ғаламат қасиетті екінің бірі біле бермейді. Бол разы қандай іске, жазаға, тура сөйле! - дегені де кең даладағы еркінмін деуден туындаған шығар.

-Әйелімнің қазасын ойлап кейде ауырласамда, сол жылқышылық еркін күндерімді еске алып қайта сілкініп, алғырлық сезімімді оятамын, - деп Аманқос сөзін жалғады.

-Арада екі жыл өткесін бас жылқышы Қашқынбай зейнетке шығып бағым билігін сеніп тапсырды. «Аттың тағасының» киесі қорғаның болсын, ояу, сергек жүр ұл!» деген сөзі әлі құлағымда қоңыраулап тұрады.

-Арманыңды жақындататын ақыл, намыс, ар-ождан...

-Күдік кемеңгерліктің бастауы деседі. Жылқышының әр минуттағы күдігі табиғаттың құбылуы.

-Ата-ананды құрметте, кісіні өлтірме, ұры болма, ыржақай болма, жалған куәлік берме, өзге кісіні күндеме, өз бауырың - адамды сүй, бойкүйез болма, күншіл болма, өкпелегіш, қызғаншақ болма, еріншек, мешкейлік жаман, көңілшектіктен сақтап, арызқой болма» - деп үлкендер үйде де, түзде де құлағымызға құйып жататынды. Бүгінде ойласам аталарымыз институт бітірмесе де, «Кодекс куманикус» - тің шежіресін қалай жаттап, қанға сіңіріп, оны ұрпағынаөмір сүрудің жарық жұлдызы, ұлттың қасиетті ете білді.

-Ел бірлігін сақтау сол аға ұрпақтың құнды өнегесі шығар, - деп Аманқосты сөзге шақырдым.

-Адалдықпен ағалар жолымды ашып бергесін Алпанның көзі түзу болды да, сол жылдары бағымымдағы әрбір жүз биеден жүз құлын өсіру, мал басын аман сақтаумен ауызға іліндім. Атақ, даңқтың міндеті де ауыр, жаныңды қүйттеудіұмыттырады. Өйткені, біздің замандастарымыздың өзіл, қалжыны да осал болмайтынды. «Ей, биіктен құласа адам оңбай қалушы еді, биіктікте бесті асау аттай тулап жүрмесін, Аманқос сөзіне тұрмапты деп шулап жүрмесін» дейтін қағытпадан қатты сақтанасың. Ақыры, үш бірдей «Даңқ» орденінің иегері, ер атанып 1992 жылы зейнетке шықтым.

-Үздік көрсеткішің неге байланысты?

-Оның бар құпиясы жайылым, қысы, жазы күйінен тоймаса құлынды көп аласың. Жылқы жайылым, суды таңдамайтын түлік. Суды дүзіп ішпесе қанбайды. Жайылымда да тамыр жүзіп ішпелерді таңдап, азықтанады. «Нұрсұлтан», «Темір астау», «Арықбай» аталатын жайылымдарға өкпе жоқ. Шаруашылықты басқарған Отар Қылипанов алдымен малыңа жақсы үй, малға қора-қопсы салып беруге шебер еді. Барлық жағдайды жасап, сосын істің нәтижесін талап ететін ондай басшы сирек қой.

-Көмекшілерің кімдер еді?

-Құбышев Орынғали, Қалтун Құттыбай, Оразов Сайлау, осы жылқышылардың еңбегі ерекше еді. Ол жылдарда боран қатты болатын. Қар қалық түсетін. 1985 жылға дейін қостардағы қалын қарды «К-700» тракторымен аршып, азық-тандырдык. Буаз бие-лердің құлыны бір жағына аударылып түскенше ток азықтанып, жем жемесе іш тастап кетуі мүмкін. Бір жарым мындай жылқының өсіп, өнуі тек қана бағымына байланысты. Қазақ мың жылқыны ортасы ой түскен байлық дейді екен, - деп соққан желдей сыртып өткен жастық күндерін Аманқос есіне алып, бір сөтке үнсіз қалды. Бәлкім, барлық бейнетті жылдарды бірге өткізген әйелі Рақышты ойлады ма? Көмекші жылқышы болған, жаз жайлауда жылқымен бірге жүргені күні кешегей емес пе. Оның үстіне 11 бала өсірді, қазір оның 7-і тірі.

-Төрт бала о дүниелік.

-Ана күйігі өзекте, - деп сұм ажалды көтере алмады ма, өзі де дүние салды.

-Інім Аманбай да ерте кетті. Қайғы үстіне қайғы шаршатады екен. Шыдайсың, барына тірлік тілеп, түбеге етесің, - деп Аманқос назарын төмен салды. Тұңшып отырып түкті кілемнің өрнектерін санады. Ауыр ойланған сәтінде тобылғы рендес жүзіндегі әжім іздері терең төрізденді. Үн қатпауына қарағанда жүрегіндегі шерді қозғап, бақытты күндерін еске алғаны жанын ауыртқан төрізді еді. Ірі тұлғалы жігіттердің бірі болатын, бесті асауға құрық тастап тұрғызатын қайратын ойласам, көрілік адамды басқаша көрсететінін аңғардым. Кейде көрілік алдында жүйткі борас өзіңді де еркін ұстай алмайды екенсің. Қазақи салт-сана, өнегенің қаймағы бұзылмаған жерде қарттарда өзіндік жарасым тірлік бар екен. Өсіресе, қастардың ізеттік көрсетіп алдыңнан өтпей, құрмет тұтып, сөз таңдап, жасы кіші келіндер Жиёмбектің екі немересінің бірінші мүшелге арналған дастарханында сәлге етіп тұруы кешегі жасанды саясаттың келмеске кеткенін танытады. Қуаныш ортақ, тілек ортақ, ниет ортақ жүздесудегі жылылықтар жүрекке нұр шапағын шашып, бала кезіміздегі өкелеріміз бен аналарымыздың өлшеусіз татулығын көз алдына әкеледі.

-Пай, пай, Отар Қылипанов тірі тұрғанда шаруашылықтың толысын тегіп, ортасын шайқалтпайтын еді, - деушілер бармағын тістеп күзілеп қалды. Сөйтсе де, ақырының қайырын тіледі. «Ауыл жылында» шалғайдағы шаруашылығымыз жақсылық көре алмады, Мәжіліс депутатына сайлаған Болат Әбішевтің халықтың өзеккарды тілегін орындауға уәдесі көп еді.

**Барсаң сәлем айта бар, Болатжанға,
Жете көңіл бөлсің деп сұратқанға.
Кезек күліп тілегіңіз жатқан шығар,
Уәде жетіп жеңіл-ау тұрақтанған.**

**«Айтқан сөз, атылған ақ» деген де бар,
Жел сөзді қаңқа салып қыраған ауыл,
Өткен өмір сүрінбей сынақтан да.**

Біз сыйынып отырмыз Жаратқанға,

Барсаң сәлем айта бар, Болатжанға, - десе де ешкім үміт үзуден ада. Ауылда медициналық қамтуы жақсы, электр қуаты үзіліссіз, клубы, кітапханасы, дүкендері, мектебі, моншасы жұмыс істейді. Алғыр ойлы шаруалар домыл таппай мал өсіруді жете меңгерген, үй басына он-он бес ірі қара, жүз қаралы жандығы және бар. Өттегенесі, малдың өнімін ұқсатып тарату нөл, өтім жоқ. Не сүт өнімдерінен түрлі тағам жасайтын кәсіпорын шаруашылық түгелі ауданда табылмайды. Ет өнімдерін де ұқсата алмайды. Кезеккүттірмейтін мұндай жұмыстарға депутаттыққозғаушы күш керек. Сосын да жеңіл, зілсізәзілмен қағытқан өлең жолдарын түсінетін шығарсыз.

-Телефон байланысы жақсы емес.

-Үй-жәйімізде оңып тұрған жоқ.

-Ойыл мейя ауылдың жол қатынасы қиын, су ащы, денсаулыққа нашар. Экологиялық апат «Нарын», «Азғыр» іргемізде, - деген қарттардың өзеккарды қынжылыстары да жоқ емес. Жаңағылар социализмнің қадірін де азалайды. Өркімнің өз ұғымы қаншалық дәрежеде болса да еркін, егемендікке ештеңе теңгермейді. Жаңалықты қанша жатырқаса да қом ойнағанның аузы асқа жарып, тақымы атқа жарып, не ішемін, не киімін демей, байлықтың көзін тауып, игілікті істің көзін тауып отырғанды көріп, билігін көңілге тоқ санайды. Ауылда, әрине, тысқақлағы жоқ.

-Бас-басына бай бол, дегенді өңін түгіл түсінде көрмей, ортақ өгізден, оңаша бұзау деген аталарымыздың кекесін сөзін де ұмытқан ұрпаққа ертеңің болжау оңай болсын ба? Қолыңда аз-кем дерегі барлар ел игілігін шекарада жалмап қалуға жалмауыздай жұтынды. «Халықты жесем қақалам, ажалыма тақалам!» деп құдайдан қорқуды ұмытты және олар жарылқаймын, айды алақанға, күнді қолына қондырсам, ел бай-, лығын ұқсатып пайдаға шығарамын дегенге шынымен сенушілер аз болған жоқ.

-Қазір байшешектердің көзін ұйқы басқан. Өз туысын, өз халқын, елін көріп, бұ қалай деуге аузы келіспей сағым сыртынан саусағын шошайтып бүлдіру бейнеге айналды.

-Олар байлық бәсекесіне түсті, қарғыс алма алғыс ал деген сөздің ащы мәнін ұмытты. Ал, елдегі шаруа қожалықтары жан-жағымыздан көзімізді ашып қарап қуанышымыз ортақ, күйінішіміз ортақ десіп жаңаша өркендеу жолын сенімді серік етіп, қиын істерді де шешіп, жетім, жесірімізді қаңғытып, жылатпай тұтас, сақтағанға қуанамыз, ел абыройы жақсылық аталып отыр. Үкіметтен көмек болмас деп күлеу үзбейміз, еттен облыстан жер шалғайлығы қол байлау. Соған ғана көңіл қоңылоқсиды. Өйтпесе, мал, егін өнімдерін өзімізде ұқсатып таратуға білім де, тәжірибе де жетеді, жекешеленудің қырсығын түсінді. Жері бай өңірде отырып, нәпкітен кедейлік қамыт киесің, - деген сұраққа мұғдар берсеңіз, жоғалтқанымызды түгендеп алайық деу әбестік болар. Шаруа тасынып, кеңіп кетсе, берін де орнына келтіреміз. Үкімет ауылға банкпен қарыз-қаржы берілісін деген, сөз бар. Соған сеніп банкке барсаң, мүлкіті сұрайды, нешетүрлі жаңылтпаш, қаперіңе кіріп шықпайтын құжатты айтып, ақырында жерің, техникаларыңнан ат-тонын ала қашып жатады.

Өйтпесе, шетелдік технологиялармен сүт өнімдерін өзімізде ұқсатып таратуға маман да, іскерлер де жетерлік. Соғыс жылдарында онжылдықтардың жанын сақтап, аштық, жоқшылықтан құтқарған тары көжені, қаймақ, май, ірімшік, құрт істеу қолымыздан келмейді дейсіз бе?

-Селқостық болмаса сырқат қоғамнан шыққан кенегені кейін тартатын кесірлік болмаса өркімнің бетімен кетіп, істі қожыратуы болмаса. Туылып жатқан күменді айтудың ағаттыққа жорыма. Нарық өзің сияқты жүрегі жұмсақтықты қаламайды.

-Байлықты тұрақты ұстауға бас керек дейсің ғой. Жеке шаруашылықтар таяу жылда түбегейлі жаңарып, дамылсыз дамуға түседі дегі алмаймын. Бірақ, бұдан нарықтың қылбұрауынан өзгелерге қарағанда аман шыққасын қара дауыл сынағынан өткенсін үміт бар.

-Өзімді қайтем, күн сайын қатарым азайып барады, соған қынжыламын. Ад ауылым жақсарса мақтанамын. Отар Қылипанов сықылды дара туған іскер басшының өнегесін айтып мақтанамын. Тағдыр жеткізбеді, егер Отардың көзі тірі болып, билік тізгінін ұстап тұрғанда жекешеленудің сойқандығынан сақтап қалар еді. Оған мүмкіндік бар еді. Басқасын айтағанда Жетікөл, Жекеңді шаруашылықтары бойынша машина, трактор станцияларын ашар еді. Мал дайындау мекемесін ұйымдастырып, елдің байлығынахалық игілігіне экономикалық тиімділікке үлестіре бер еді, - деп ойлайсың. Сонда осал тұсымыз-ды аңдып, бұқпантайлап жүрген өзімішлдер тырп ете алмас еді. Сосын жекешеленуге өркімнің пайына мелікке берілген жылдарды араға салып өту маңызды боп, халыққа тиімді көрініп, ағайындар арасында алақөздігінен құтқаратын-ды, — деп Тынышбай Бекесов ағынан жарылды.

-Еңбекті бағалайтын басшы бар, өзінің тұрмыс-тірлігін сағалайтын басшы бар. Соның қай-қайсысына да көрдік. Ал, Отар Қылипановтың орынды бөлек қой, кім халыққа адал еңбегімен көрінсе, құрметтей біледі. Олардың ел басқарған біраз жылында жақсы ісі жарияланбай, құрметтен тыс қалғаны жоқ шығар. «Жетікөл» кеңшарын республикада экономикасы, мәдениеті өскендігімен танытып еді, - деп жылы сөзін айтты да: «Біздің ел коммунизмге тым жақын қалып еді. Өзін-өзі қаржыландырып, шағын кәсіпорындар ашқанда нарықтан тайсалып тайғанактамай, барды базарлы етіп, тірлікті ажарлы етіп жақсылықты жайнататын едік. Енді өткендегіні айтқанмен ештеңе өнбесі белгілі. Барының қайырын көрсетсін, жастар иінін тауып шаруаны биікке шығар. Шүкір, елде қауіптенетін егес-қияс жоқ... Аруақ қолдар...»

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1728 Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ДЕЗИНСЕКЦИЯ



Дезинсекция - инфекциялық ауруларды тарататын және адамға зиянын тигізетін буынақтыларды жою. Кең мағынада дезинсекция адам тұрғын үй мен табиғат аймақтарында жәндіктерді жоюға бағытталған шаралар. "Des"- теріс, қарс, "insectum"- жәндік мағынаны білдіреді. Жәндіктер жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тасымалдайды. Буынақтыларды түбегейлі жою мүмкін болмағандықтан соңғы жылдары дезинсекцияның мақсаты - зиянды жәндіктердің санын санитарлық эпидемиологиялық қауіпсіз деңгейге дейін азайту. Дезинсекция медициналық, ветеринариялық және ауылшаруашылық шараларына бөлінеді. Тәжірибеде буынақтыларды жою үшін түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады, олардың тиімділігі жәндіктердің биологиялық, экологиялық, фенологиялық ерекшеліктерімен байланысты. Дезинсекция шаралары арнайы (маса, бит, бүрге, кене) және арнайы емес механикалық таратушыларға бағытталады (шыбын, шіркей, таракан, құмырсқа). Дезинсекция шаралары 2 топқа бөлінеді:

1. Алдын алу дезинсекция.
2. Жоятын дезинсекция.

Алдын-алу дезинсекциясының мақсаты: жәндіктердің тіршілік етуіне, көбеюіне жол бермеу, тұрғын үйлерде таралуын, адамға зиян келтіруінің алдын алу. Жәндіктерді жоятын заттарды инсектицидтер деп атайды. Жәндіктерге қарсы қолданатын

химиялық заттар жәндіктерді толығымен, тиімді жоятын, бірақ адамдарға және үй жануарларына зиянсыз болуы керек. Барлық қолданатын заттар улы болғандықтан оларды пайдаланғанда сақтық шараларын қарастыру қажет, тағамдарды ашық су қоймаларын ластамайтын болуы керек. Инсектицидтердің тиімділігі қолданатын препараттардың улылығын, мөлшерін, қолдану уақытынан, ауаның t0-сынан, залданатын жердің санитарлық жағдайына байланысты. Ойыл ауданында Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері үйлерді аралап аурудың алдын-алу жұмыстарын (үй тышқандарына қақпан қою, қора және тұрғын үйлерге желімді қағаз қою) жыл сайын жүргізіліп тұрады. Жәндіктер кездескен жағдайда дезинсекция жұмыстары жүргізіледі. Дезинсекция тиімділігі қайта тексеріледі. Тұрғын үйлерге 1,1 техникалық хлорофос ертіңдісімен қора жайларға дельтаметрин, фипронил дустасын шаңдатып шашу арқылы жұмыстары жүргізіледі. Үй қаптесерлерін жою мақсатында уланған бидай себіледі. Ойыл ауданының тұрғындарына Ойыл обаға қарсы күрес мекемесі аудан тұрғындарына дезинфекция, дезинсекция - жәндікте, дератизация - кеміргіштерді жою жұмыстарын ақылы түрде жасайтынын хабарлайды.

А.АТЫРАУБАЕВ,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зоологы.

«ЖЫЛҚЫ – МАЛДЫҢ ПАТШАСЫ»

16 ҚАРАША КҮНІ - Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХИ МУЗЕЙІНІҢ «АТА ЖҰРТТЫҢ ШЕЖІРЕСІ КИЕЛІ ДЕ, ҚАСТЕРЛІ» АТТЫ ТАРИХ ЗАЛЫНДА АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ, ӨСІРЕСЕ, ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ДАМУДЫҢ ЖАРҚЫН ДА ЕЛЕУЛІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ БІРІ БОЛҒАН ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ БІРІ – ЖЫЛҚЫ.



Алдымен қазақ даласында қолға үйретілген «Ботай» мәдениеті, «Берел» қорымдарын насихаттай отырып, Қазақ халқының дүниетанымында, ділі мен тілінде жылқыға қатысты өзгеше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Қазақтар адам мен оның жан серігі атына біртұтас әлем ретінде қарады. Адамның азамат қатарына қосылуының өзін "ат жалын тартып мінді" деп бейнелейді қазақ халқы. Жас баланың алғаш атқа отырғанын атап өту рәсімі – тоқым қағар тойынан бастап, адамның бұл өмірден өткенінің белгісі ат тұлдауға дейінгі бүкіл пәнілік тіршілік тілқылқанымен байланыстырылған. Сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуына алғаш барғанда ат байлауы, ұрыс кезінде жау қоршауында қалған қолбасшыға ат сүйек беріп құтқару, т.б. дәстүрлер жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғаны тура-

лы Ойыл қазақ орта мектебінің 9 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел шарасы ұйымдастырылды. Шара барысында тақырыпқа сай бейнебаяндар, слайдпен тақырыптық көрмеде Ойыл өңіріндегі атақты жылқышылармен атбегілерді таныстыра отырып, ауданымыздың ат спортын дамытып жүрген жанышар азаматтары Арыстанов Марат, көкпаршы Жарас, Айбат және спорттың жаны сүйетін Бақберген Мұқанбетқали қатынасып балалық шақтағы жылқы үйрету сәттеріндегі қызықты деректерді, емдік қасиеттерін айта отырып, қазіргі таңдағы жылқының сапасын салыстыра отырып, тарихта қалған қазақтың қарабайыр жылқысын нақты жеткізді. Оқушылар жылқы туралы сурақ-жауапқа белсенді қатынасты.

Дулат ИСАБАЕВ,
Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінің ғылыми қызметкері.

АТА-АНАЛАР ҮШІН ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК

Қазіргі таңда электрондық жүйе арқылы балаларды балабақшаға кезекке қою және балабақшаға қабылдау үшін жолдама алу тиімді болып отыр. Себебі, сіз үйден шықпай-ақ та балаңызды балабақшаға кезекке қойып, жолдама ала аласыз. Ол үшін өзіңіздің жеке электронды сәйкестендіру кілтіңіз /ЭЦП/ ғана қажет. Сол арқылы е.актобе kz- сайтына кіріп, балаңызды жеке сәйкестендіру номері /ЖСН/арқылы кезекке қоюыңызға болады. Әр дүйсенбі сайын, егер мектепке дейінгі ұйымдарда бос орын болған жағдайда, сайтқа бос орын жарияланып, ол туралы мекеменің инстаграмм парақшасында және де білім бөлімінің парақшасында аудан тұрғындарының назарына ұсынылады. Алғашқы 3 күндікте жеңілдік санатындағы кезекте тұрған ата аналар ала алады. Бұл санатқа төмендегілер жатады:

- әскери қызметшілердің және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза тапқандардың, қайтыс болғандардың немесе хабар-ошарсыз кеткендердің балалары;
- занды өкілдері мүгедек болып табылатындардың балалары;
- ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар;
- жетім балалар;

көп балалы отбасылардан шыққан балалар; педагогтердің балалары; мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар; Егер жеңілдік санатындағы ата-аналар 3 жұмыс күні ішінде жолдама алмаса, онда жалпы кезекте тұрған ата-ана е.актобе kz-сайтына жолдама ала алады. Қазіргі таңда автоматтандырылған жүйеге сәйкес бір балабақшадан екінші балабақшаға ауыстыру қарастырылмаған. Сондықтан, ата-ана электрондық /ЭЦП/ қолтаңбамен е.актобе kz-сайты арқылы баласын қайтадан кезекке қойып, барып жүрген балабақшасына арыз жазып шығу керек. Содан кейін ғана екінші балабақшаға жолдама ала алады. Жолдама алғаннан кейін, балаңызды медициналық тексеруден өткізіп, бала паспорты мен 027/у формалы анықтамасын өзіңіз таңдаған балабақшаға 5 жұмыс күні ішінде әкеліп тіркете аласыз. Алайда, 5 жұмыс күнінен кешіккен жағдайда сіздің жолдамаңыз күйіп кететінін естен шығармаңыз. Е.актобе kz-сайтының қызметін тиімді қолданып, өз уақытымызды орнымен пайдаланайық!

А.МЫРЗАҒАЛИЕВА,
«Жолшы» бөбөжай-бақшасы,
МКҚҚ-ы меңгерушісі.

ҰЛЫ ГАЗБЕН ҰЛАНУ - СОҢЫ ҚАСІРЕТКЕ СОҚТЫРАДЫ

Қыс келді, салқын түсті, тұрғын үйлерде пеш жағу басталды. Дәстүрлі отын, көмірден бас тартпаймыз, себебі табиғи газ барлығына жете қойған жоқ. Ал электр жылытқыштары болса қымбатқа шығады. Алайда пеш уақытылы тазартылмаса өз иесінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірәуі мүмкін. Бұл жердегі айтылатын әңгіме өрт туралы емес, айтаын деп отырғанымыз көзге көрінбейтін, болар болмас қышқыл иісі бар - улы газ, (СО). Улы газдың пайда болуының негізгі себебі: жану аумағында оттегінің жетіспеуі. Бұл жанама өніммен улану, адамдарды қайғылы жағдайға әкел соғуы мүмкін, сондықтан қауіпті алдын алу және біреу зардап шеккен жағдайда не істеу керектігін білу артық болмайды. Тұншықтырғыш газымен улану себептері:

- Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы).
- Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).
- Адамның өрт ошағында болуы. Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету.
- Біріншіден от жағар алдында пештің ақаулы жерлерін жөндеп, уақытылы тазарту керек. Отты қарусыз қалдырмау керек.
- Адам үшін улы газ - күшті у. Тыныс алу кезінде ағзаға түсіп, ол өкпеден қан жүйесіне өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде адамның бірінші кезекте мми зардап шегеді, бұлшық

еттердің әлсірлеуі пайда болады, бас айналуы, құлақ ішінде шу пайда болады, жүрек айнуын туғызады, құсу, ұйқысыздық, сандырақ, елестеушілік, естен тану, сіңір тарту. Тұншықтырғыш газбен уланған кезде алғашқы көмек:

- улы газдың келу көзін тоқтату;
- зардап шеккенді таза ауаға шығарыңыз;
- жатқызып, тыныштықты және таза ауаның үздіксіз келуін қамтамасыз етіңіз;
- егер зардап шеккен есінен таныған болса, жедел көмек келгенше немесе есін жинағанша, оған жасаңды тыныс алу және жүрекке массаж істеңіз.
- Есте сақтаңыз, зардап шеккенді орнынан шығарғанда ол жерде тұншықтырғыш газдың қауіпті концентрациясы болады, тұншықтырғыш газбен уланбау үшін алдымен өзіңізді қорғаңыз. Ол үшін жылдам қимылдап, қалта орамалымен немесе селдір матамен (марля) тыныс алу керек.
- Улы газдан сақтанудың бірі, үйге улы газ датчигін орнату. Бұл датчик арқылы үйдегі улы газдың концентрациясы деңгейін бақылауға болады, асып кеткен жағдайда, сенсор қауіпті туралы ескерту сигналын береді. Бұл сигнализаторлар үй ішіндегі ауадағы СО құрамының деңгейін үздіксіз бақылау үшін арналған және улы газ концентрациясының жоғары деңгейіне дыбыстық және жарық сигналдарымен әрекет ететін электрохимиялық датчиктер.
- Сөз соңында айта кететін жайт, уланудың негізгі себебі тұтынушының жылыту құралдарын пайдалану кезінде салғырт қарауы. Сондықтан қарапайым қауіпсіздік қағидаларын сақтап, орны толмас өкінішке жол бермейік.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЕСКЕ АЛУ

КЕНГАНОВ ҚАЙСАР АЛТАЙҰЛЫ
02.12.1979 – 21.08.2020

Бүгін міне еске алатын күніміз, Жер қойнына жетер ме екен үніміз. Тірі жүрсен 43ке толар ең, Рухыңа арналып тұр жырымыз. Өмірден өттің, қырға бір шыққан шағыңда, Орның бөлек, асқар тау едің нар тұлға Ұмытылмайсың жүректен әр кез құлыным, Ата анаң, бауырың барғой артыңда. Жанардан жабырқаудан жас тамады, Әкенде аңсап мұңды асқаралы. Жатқан жерің жайлы болсын құлыным-ай Бұдан өзге қалмады басқа амалым. Анаңның жасқа толды қоз жанары, Біреуге ерте, біреуге бұл күн кеш болады. Бүгін міне жиылып тұма туыс, Ата анаң, бауырларың сағынып еске алады. Құлыным, топтырағың торқа болсын, Жатқан жерің пейіш деген орта болсын. Ұстағаның шырақ, мінгенің пірақ, Иманың о дүниеде жолдас болсын.

Еске алушылар: Ата анасы, бауырлары, Жеңіс – Гүлбақыт, Еркеназ, Нияз.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасы Жакиевтер отбасына ардақты інісі **Азамат Нұрлыбекұлының** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтау



Ойыл селосы
Ахметова Роза Жонықызы
Сізді 60 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз!
Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр тілейміз. Ұлыңыз Нұрғанатпен бақытты отбасы болуыңызға тілектеспіз. Бірге жүріп, бірге өскен жасымнан Роза досым, адал, мықты асыл жан. Бүгін міне толыпсың, Сен алпысқа Достарың табылуда қасыңнан.

Ігі тілекпен: құрбың Гүлнар, бала көпңдерің: Ардақ – Гүлжан, Аршат, Мирас – Айзада.

Ойыл селосының тұрғыны
Серік Ғазизұлы Займолинді



Мерейлі 50 жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз өз мерейтойыңызға қадірлі де, құрмет тұтарлық жетістіктермен келіп отырсыз. Аға, сізге ұзақ ғұмыр тілейміз, отбасыңызға аманшылық, зор денсаулық, өмірдің жақсылығы мен биік асқақ абыройын тілейміз! Шаңырағыңызға құт-береке, ырыс ынтымақ, бірлік тілейміз!

Ігі тілекпен. Дәурен-Гүлсім, балаларыңыз: Мирас, Диас, Манас.

Ойыл селосының тұрғыны
Сәуірбай Төреғалиевті
37 мүшел толуымен құттықтаймыз!

Құтты болсын мүшел жас, Үш мүшелің бүгінгі. Жаңа жасың құантсын, Сәтті қып өтер күніңді.

Атар таңың нұр сыйлап, Күлімдесін күн, айың. Амандықта, саулықта, Ортамызда жүр дәйім.

Орындалып арманың, Биік самға, өрле тек. Алтынсермен екеуің, Бақытты бол күлімдеп.

Биік шығып белеске, Бейбарысың тірегің! Жеткенше 100-ге тоқтамай Соға берсін жүрегің.

Көңіліңде мұң болмай, Бар жақсылық орнасын. Құтты болсын туған күн, Еш жамандық болмасын!

Орындалып арманың, Қанат қағып биік ұш. Отбасымен той тойлап, Аман болып бақыт құш.

Құттықтаушылар: құрдастары.

ЛАТЫН ӘЛІПБИ-ҰАТ БОЛАШАҒЫ



Қазіргі уақытта жаңа әліпбиге көшудің қажеттілігі күмән тудырмайды. Шынында да, әліпби ауыстыруды тіліміздің өзі талап етіп отыр. Себебі латын әліпбиіне көшу қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісін өкелері сөзсіз. Біз жаңа жазуға көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз.

Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілі жоғалмайды. Себебі бұл әліпбидің түрлі нұсқалары сараланды. Сонымен қатар ғылыми принциптер негізінде алынды. Еліміз жаңа әріп түрін еңгізе отырып басқа елдерменде тығыз қарым қатынас жасауға мүмкіндік береді. Түркі тектес халықтармен терезесі тең бейбіт өмір сүре алады. Бір сөзбен айтқанда дамыған отыз елдің қатарына кіруге мүмкіндік алады. Себебі, қазір әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері латын әліпбиін қолданады. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қаптапалд кедергі келтіріп келген ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештегеден қорықпай алмастырма мүмкіндік туды. Латын ғаріптері-өркениет жазуы, өмір талабы, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай игілігін көруіміз қажет деп есептеймін.

Нұрбану ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
Ш. Бекмұхамбетова ат. мектеп гимназиясының 10 сынып оқушысы.